



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

25.05.2023 № 2-01-23-41423

05.05.2023ж. ДС-138

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура әлеуметтік желілерде блогерлердің көрінеу жалған ақпарат тарату фактілеріне қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, өз құзыреті шегінде төмендегіні хабарлайды.

Ақпараттық кеңістіктің мониторингін Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жүзеге асыратынына және жарияланымдарда қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының белгілері анықталған жағдайда оларды тергеулігі бойынша Ішкі істер министрлігіне жіберетінін атап өтеміз.

Ағымдағы жылғы 4 айда көрсетілген фактілер бойынша ішкі істер органдары ҚК-нің 274-бабы бойынша 29 сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тіркеген.

Оның ішінде 1 іс сотқа жіберілді, 8-і тоқтатылды (қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты), 8 қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген (қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның анықталмауына байланысты), 12 іс тергеп-тексерілуде.

Осындай құқық бұзушылықтардың алдын алу шеңберінде Бас прокуратура «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңның 40-бабының тәртібінде БАҚ-та ағымдағы жылы екі рет үндеу жасап, онда ұлттық алауыздықты қоздыруға, сепаратизмді насихаттауға және жалған хабарламаларды таратуға бағытталған құқық бұзушылықтар үшін заңда белгіленген жауапкершілік туралы ескертті.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: Жаңару және жаңғырту жолы» атты Жолдауында мемлекеттің мүддесін, қоғамның сұранысын және медиасаланың даму үрдісін ескере отырып, осы саладағы заңнаманы қайта қарау қажеттілігін атап өтті.

Осы тапсырманы іске асыру шеңберінде «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Заң жобасы әзірленген, ол бүгінгі күні мемлекеттік органдармен келісілген және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауында.

Заң жобасының негізгі мақсаты онлайн-жарнамалар, сондай-ақ онлайн-платформалар қызметтерінің құқықтық негіздерін айқындау болып табылады.

Аталған заң жобасында инфлюенсер (блогер) – айқындалмаған тұлғалар тобына арналған және өз мақсаттары мен өзге де қоғамдық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, оның ішінде қоғамда жекелеген пікірлерді қалыптастыруға ықпалы бар ақпаратты онлайн-платформаларда тарататын адам ұғымы енгізілуде.

Жалған ақпараттың таралу фактілері кең тарала бастағанын ескере отырып, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, айыппұл түріндегі санкцияны айқындай отырып, көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін әкімшілік жауаптылықты белгілеу жоспарлануда.

Осылайша, осы Заң жобасы қабылданған жағдайда интернет кеңістігінде көрінеу жалған ақпараттың таралуына тиімді қарсы іс-қимыл жасау үшін қажетті жағдайлар жасалады деп санаймыз.

Бұл бағытта жұмыстар жалғасуда және бақылауда.

Б.Асыллов



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

25.05.2023 № 2-01-23-41423
ДЗ-138 от 05.05.2023г.

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)

Уважаемые депутаты!

Генеральная прокуратура, рассмотрев Ваш депутатский запрос относительно фактов распространения заведомо ложной информации блогерами в социальных сетях, в пределах своей компетенции сообщает следующее.

Отмечаем, что мониторинг информационного поля осуществляет Министерство информации и общественного развития, и в случае установления наличия в публикациях признаков данного состава уголовного правонарушения направляет их в МВД по подследственности.

За 4 месяца текущего года органами внутренних дел по статье 274 УК зарегистрировано 29 досудебных расследований по указанным фактам.

Из них направлено в суд 1 дело, прекращено 8 (в связи с отсутствием состава уголовного правонарушения), прерваны сроки досудебного расследования по 8 уголовным делам (не установлено лицо, совершившее уголовное правонарушение), в производстве 12 дел.

В рамках профилактики таких правонарушений Генеральная прокуратура в порядке статьи 40 Конституционного закона «О прокуратуре» в текущем году дважды выступила в СМИ с обращениями, где предупредила об установленной законом ответственности за правонарушения, направленные на разжигание национальной розни, пропаганду сепаратизма и распространение заведомо ложной информации.

Глава государства в своем Послании народу Казахстана от 16 марта 2022 года «Новый Казахстан: путь обновления и модернизации» отметил, что необходимо с учетом интересов государства, запросов общества и тенденций развития медиасферы пересмотреть законодательство в этой сфере.

В рамках реализации данного поручения был разработан проект Закона «Об онлайн-платформах и онлайн-рекламе», который на сегодня согласован с государственными органами и находится в Мажилисе Парламента Республики Казахстан.

Основной целью законопроекта является определение правовых основ функционирования онлайн-рекламы, а также деятельности онлайн-платформ.

В данном законопроекте вводится понятие инфлюенсер (блогер) – лицо, распространяющее информацию на онлайн-платформах, адресованную неопределенному кругу лиц и направленную на достижение собственных и иных общественных целей, в том числе имеющую воздействие на формирование отдельных мнений в обществе.

Учитывая, что факты распространения дезинформации (фейковой информации) получают все более широкое распространение, планируется установить за распространение заведомо ложной информации, если данные деяния не содержат признаков уголовно наказуемого деяния, административную ответственность с определением санкции в виде штрафа.

Таким образом, полагаем, что, в случае принятия данного законопроекта, будут созданы необходимые условия по эффективному противодействию распространению заведомо ложной информации в интернет пространстве.

Работа в данном направлении продолжается и находится на контроле.

Б. Асыллов